

Байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шарт**Құрметті абоненттер!**

Өздеріңізге қажетті қызмет түрлерін таңдаңыздар, ал біз ол қызметтерді сіздерге қуана ұсынамыз. Қызметтердің бағалары, мерзімдері және басқа да шарттары tele2.kz, altel.kz, 5gmobile.kz сайттарында және біздің қызметтерді сатып алуға болатын өзге де көздерде толық сипатталған. Қызметтерді көрсету шарттарымен өте мұқият танысуларыңызды сұраймыз, себебі олар Шарттың бөлігі болып табылады. Арасында қызметтерді көрсету шарттарына және Шартқа өзгертулер енгізіліп отырылады, олардың ең маңыздылары туралы біз бөлек ескертетін боламыз.

Біздің қызметтерді пайдалана бастау арқылы, Сіздер олардың шарттарымен және Шарттың барлық талаптарымен келісесіздер. Төмендегі тәсілдер арқылы Сіздер біздің абонентіміз бола аласыздар және осы Шартқа қосыла аласыздар:

- 1) Оператор және оның өкілдерінің сату нүктелерінде формулярға/өтінішке қол қою;
- 2) Оператордың сайттарында формулярды/өтінішті толтыру;
- 3) Операторға толтырылған формулярдың/өтініштің сканерден өткен көшірмесін жолдау;
- 4) SMS-хабарлама жіберу;
- 5) Өлеуметтік желілерде және мессенджерлерде деректеріңізді ұсыну;
- 6) Оператордың бағдарламалық жасақтамасын пайдалану;
- 7) Оператор белгілейтін өзге де тәсілдер.

Білген маңызды!

Біз өз қызметтеріміз және өз Серіктестеріміздің қызметтері барлық адамдарға қолжетімді болуы үшін қолымыздан келгенін жасаймыз, бірақ кейде бұл бізге бағынбайтын себептер бойынша мүмкін болмай жатады. Радио толқындары металдан және арматураланған бетоннан жасалған ғимараттардан нашар өтеді және кедергілерді айналып өте алмайды. Кейде жақын маңда біздің антенналарымыз болмай қалады немесе аз ғана болады, ал абоненттер көп. Сондықтан қызметтерді пайдаланғыңыз келген жерде сигнал (қамту) деңгейін міндетті түрде тексеріп алыңыз (**қамту картасы**).

Біз сіздердің құрылғыларыңызды (телефондар, смартфондар, планшеттер, модемдар) қадағалай алмаймыз, сондықтан сізден, сіздің достарыңыз бен жақындарыңыздан керегі жоқ қызметтерді қоспауды сұраймыз. Бірақ егер де мұндай жағдай орын алған болса, сіз оларды әрқашан Мобильді қолданба (Tele2 Қазақстан, Altel.kz және FMobile) және/немесе **Жеке кабинет** арқылы сөндіре аласыз. Өкінішке қарай, абоненттік нөмірдің өзі **сізге тиесілі емес**, сондықтан біз оны пайдалану құқығын уақытша ғана бере аламыз.

Абоненттердің өтініші бойынша немесе өзге де себептер бойынша біз кейде шарттарды өзгертеміз, бұл жөнінде әрқашан алдын ала ескертуге тырысамыз (**Байланыс қызметтерін көрсету ережелері**).

Егер **сұрақтарыңыз** болса, оларды осы жерде қоюға болады, біз міндетті түрде жауап беруге тырысамыз.



Болады және керек	Болмайды
Байланыс қызметтерін, яғни қоңырау шалуды, СМС хабарлама жіберуді, видео қарауды, Интернетті пайдалануды, достармен сөйлесуді дұрыс пайдалануға	Материалдық пайда табуға әрекет жасауға немесе байланыс қызметтерін алудан басқа мақсаттарды көздеуге және алаяқтықпен айналысуға
Қызметтерге қатысты мәселелер бойынша тәуліктің кез келген уақытында байланыс орталық операторларына қоңырау шалуға	Оператормен сөйлескенде балағаттауға, тіл тигізуге, өзін әдепсіз және агрессивті ұстауға, сес көрсетуге, бейнормативті лексика қолдануға
Қызметтердің ақысын уақытында төлеуге	Қызметтерді 12 ай бойы пайдаланбай қоюға

Байланыс қызметтерін көрсету туралы Жария шартқа № 1 қосымша

1. Терминдер мен анықтамалар:

Оператор – «Мобайл Телеком – Сервис» ЖШС не, мәнмәтінге қарай, оның уәкілетті өкілдері, серіктестері және мердігерлері.

Шарт – Оператордың Сайттарында және қолданбаларында орналастырылатын осы Жария шарт

Оператордың сайттары – tele2.kz, altel.kz, 5gmobile.kz.

Заң – Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» Заңы.

Ережелер – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 [бұйрығымен](#) бекітілген байланыс қызметін көрсету ережелері.

Қызметтер – Оператор өз бетінше, не үшінші тұлғалардың атынан, не олармен ынтымақтастықта көрсетіп келе жатқан және/немесе көрсетуі мүмкін болған қызметтер.

Осы Шартта қолданылатын басқа барлық терминдер мен анықтамалар, егер оларға жеке мағыналар берілмеген болса, Қазақстан Республикасының осындай құқықтық қатынастарға орай қолданылатын Заңына, Ережелеріне немесе өзге де заңнамалық актілеріне және/немесе заңға бағысынты нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес түсіндірілуі тиіс.

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Шарт барлық абоненттерге қатысты қолданылады және абонентпен жасалған бұрынғы мәмілелердің орнын басады. Заңды тұлғалар үшін және абоненттердің жеке санаттары үшін қосымша шарттар көзделуі мүмкін.
- 2.2. Оператордың Шартқа енгізетін өзгертулері олар Оператордың Сайттарында жарияланған күннің ертеңінде заңды күшіне ие болады.
- 2.3. Шартқа қосылуы және Қызметтерді пайдалануы арқылы абонент төмендегілерге өз келісімін береді және келісетінін растайды:
 - 1) Оператордың немесе оның серіктестерінің Сайттарында жарияланған, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, өзі қосылатын тарифтердің, тарифтік жоспарлардың, науқандардың және Қызметтердің шарттарына;
 - 2) Шарттың барлық талаптарына;
 - 3) Оператордың және оның серіктестерінің Қызметтерді көрсету мақсатында, Абоненттің дербес деректерін, оның ішінде Абонент және/немесе пайдаланушы туралы қызметтік ақпаратты (онымен шектелмейді) жинайтынына, өңдейтініне және жіберетініне.
 - 4) Оператордың желісі бойынша жарнама ақпаратын алуы мүмкін екендігіне, осындай келісімнің қажеттілігі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және мақсаттарда.
- 2.4. Шарттың, соның ішінде Шарттың 2.3 тармағының талаптарына келіспеген жағдайда немесе қызметтерден бас тартқан жағдайда, Абонент Шартты заңнамада және Шартта белгіленген тәртіппен өтініш беру арқылы бұзуы тиіс. Олай істемесе, Қызметтерді пайдалануын жалғастыру арқылы, Абонент Шарттың және Қызметтердің шарттарымен келісетінін растайды (конклюденттік әрекеттер).
- 2.5. Қызметтер туралы ақпарат Оператордың сайттарында, Оператордың сату және қызмет көрсету кеңселерінде, Оператордың Өкілінің, және (немесе) үшінші тұлғалардың кеңселерінде орналастырылады және (немесе) Оператордың Қызметтері туралы Қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау жолымен және (немесе) Оператордың Қызметтері туралы жарнама материалдарында хабарланады, және (немесе) оны Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметі ұсынады.
- 2.6. Қызметтерді қосу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, сонымен бірге келесі жағдайларда мүмкін болады:
 - 1) егер Абоненттің Қызметтерді қосу туралы өтінішінде немесе өзге де құжатта көрсеткен бастапқы деректеріне орай Қызметтерді көрсетуге техникалық мүмкіндіктер бар болса;

- 2) Абонент көрсеткен және Қызмет көрсету үшін қажетті деректер дұрыс болса;
 - 3) Абонент Оператор талап еткен құжаттар мен деректердің толық пакетін ұсынған болса;
 - 4) Абоненттің өзге Қызметтер бойынша Операторға берешегі жоқ болса.
- 2.7. Жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелет жасына толмағандар өздерінің заңды өкілдерінің келісімінсіз, Оператордың байланыс салондарында Шартқа қосыла алады және қолданыстағы кез келген тарифке қосыла алады. Бұл ретте, Оператор абоненттік нөмірде кейбір қаржы сервистерін пайдалануға шектеу қоюға құқықты. Кәмелет жасына толмаған тұлғаның заңды өкілі жүгінген жағдайда, егер оның берешектері болмаса, Шартты бұзуға болады. Осы тармақтың ережелері Азаматтық кодекске (Кодекстің 17-бабының 2-тармағы, 22-1 бабы) сәйкес толығымен әрекетке қабілетті деп танылатын кәмелет жасқа толмағандардың мәмілелеріне таралмайды. Он алты жасқа дейінгі кәмелет жасына толмаған тұлғалар байланыс Операторының салондарына жүгінген кезде, Оператордың өкілінің өтініші бойынша жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуге міндетті: туу туралы куәлік, оның ішінде, туу туралы электронды куәлік, туу туралы куәліктің нотариус куәландырған көшірмесі, Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты, шетелдік төлқұжат. Он алты жастан он сегіз жасқа дейін: жеке куәлік, оның ішінде электронды жеке куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты, шетелдік төлқұжат.

3. Шектеулер, роуминг

- 3.1. Желінің жұмыс қабілеттілігін және Қызметтердің барлық абоненттерге бірдей қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында, сонымен бірге жекелеген тұлғалардың әрекеттерінің өзге Абоненттер мен үшінші тұлғаларға жағымсыз әсер етуін азайту үшін, Оператор кейбір трафик түрлерін, соның ішінде Peer-to-Peer трафигін (торрент-жүктемелер) шектей алады, сондай-ақ пирингті файл алмасу желілерін (BitTorrent және басқалар) пайдаланғанда, Интернет желісіне кіру жылдамдығын шектей алады. Сонымен бірге, байланыс каналдарына түсетін жүктемені реттеу мақсатында, Оператор Қызметтердің техникалық параметрлерін, соның ішінде трафиктің әртүрлі басымдықтарын (дауыс және интернет-трафик басымдығын) орнатуды да өз бетінше реттей алады.
- 3.2. Абоненттің осы Шарт бойынша алатын қызметтері, сонымен қоса науқандар, арнайы ұсыныстар, бонустар:
- 1) тек өздерінің тікелей арналған мақсаттары – дауыс деректерін, хабарламаларды жіберу және интернет-трафик бойынша пайдаланыла алады;
 - 2) Оператор уақытша тоқтата алады не мүлдемге доғара алады, оның ішіне Абонентпен арадағы Шартты заңда және/немесе Шарт талаптарында көзделген жағдайларда бұзу да кіреді, соның ішінде:
 - call-орталықтарында, сату орталықтарында, қызмет көрсету орталықтарында, Абоненттік бөлімдерде, әлеуметтік желілерде және Оператор мен Абонент өзара әрекеттесетін өзге жағдайларда/жерлерде, Абоненттің қарым-қатынас жасаудың жалпыға ортақ әдеп нормаларын бұзуы (оның ішінде Оператордың қызметкерлерін және өкілдерін балағаттауы, оларға сес көрсетуі, тіл тигізуі).
 - Абоненттің Шарт бойынша құқықтарын теріс пайдалануы (рұқсат етілмеген жаппай SMS жіберу, лотереялар, Қызметтерді қайта сату, трафиктің жалған түрін жасау және түрлендіру, нөмірлерді ауыстырып жіберу және т.б.)
 - 3) Абоненттің кәсіпкерлік қажеттіліктеріне қатысы жоқ, жеке өзіне, отбасына, үйіне қатысты мақсаттарда ғана пайдалануға болады. Абонент немесе басқа үшінші тұлғалар коммерциялық (пайда табу) мақсаттарда пайдалана алмайды, Оператор Интернет желісіне кіру қызметтерінен басқа, тарифтік жоспарларының, бонустарының, науқандарының шарттарына сай осыны тікелей көздеген және соған рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда;

3.3. Роуминг кезінде роумингтік серіктестердің талаптарына орай төлем жасалады, олармен Абонент өз бетінше танысуы қажет. Абонент осы қызметтердің ақысын осы Шарт бойынша таңдап алынған төлем тәсіліне сәйкес төлейді. Көрсетілген қызметтердің құнын есептеу роумингтік серіктестерден ақпараттың келіп түсуіне қарай жүзеге асырылады. Роумингтік серіктестердің шарттарына байланысты, роуминг-серіктестердің дербес шоттан ақшаны есептен шығаруы жөніндегі ақпаратын алу 30 (отыз) күнге дейін кешігуі мүмкін. Абонент роуминг бойынша көрсетілген Қызмет құнын роуминг бойынша нақты көрсетілген қызмет көлемінде төлеуге міндетті.

4. Абоненттің құқықтары

Абонент құқылы:

- 4.1. Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес пайдалануға;
- 4.2. Абонент үшін қолжетімді тарифтік жоспарлардың бірін таңдауға, қосымша ұялы байланыс қызметтерін сондай қызметтер үшін белгіленген талаптарға сай қосуға және сөндіруге;
- 4.3. Абоненттерге қызмет көрсету пункттерінде Операторға жазбаша өтініш беру арқылы Оператормен Шартты бұзуға;

5. Абоненттің міндеттері

Абонент міндетті:

- 5.1. Оператордың осы Шартқа сәйкес белгілеген талаптары мен тарифтеріне және таңдап алынған есеп айырысу тәртібіне сәйкес, Қызметтердің ақысын уақытылы төлеуге;
- 5.2. Тарифтермен және Қызметтерді көрсетудің өзге де шарттарымен танысуға;
- 5.3. Оператордың байланыс салондарына келіп жүгінген жағдайда, Абонент Оператордың өкілінің өтініші бойынша жеке басын куәландыратын құжатын, оның ішінде электронды жеке куәлігін, Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатын, шетелдік төлқұжатын ұсынуға міндетті. Абонент Оператордың қызметіне қатысы жоқ мәселелер бойынша бірнеше мәрте жүгінген жағдайда және/немесе Абонент Шарт талаптарын бұзған жағдайда, Оператор өзінің Мамандарының күшін қолдана отырып Абонентке қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзінде қалдырады;
- 5.4. Операторға Абонент туралы мәліметтерге жатқызылған шынайы деректерді ұсынуға, оның ішінде формулярда/өтініште көрсетілетін ТАӘ, ЖСН/БСН, байланыс телефонының нөмірі, электронды поштасының мекенжайы, пошталық мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы және өзге деректерін. Көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, ол туралы, сондай өзгерістер орын алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Операторға жазбаша хабарлауға;
- 5.5. Үшінші тұлғалардың, оның ішінде кәмелет жасқа толмағандардың Абоненттік құрылғыға, Абонентті сәйкестендіру картасына және Қызметтермен байланысты өзге де құрылғыларға кіруін және пайдалануын бақылауға. Абоненттік нөмірді өзге тұлғалардың пайдаланғаны Абонентті осы Шарттың талаптарын орындаудан және Ережелерді бұзғаны үшін болатын жауапкершіліктен босатпайды;
- 5.6. Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға бергенде нақты берген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Операторға Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаның атына қайта рәсімдеуге келісетіні туралы жазбаша өтінішін беру арқылы Абоненттік нөмірдің міндетті қайта тіркелуін жүзеге асыруға міндетті.
- 5.7. Төмендегі әрекеттерді жасауға болмайды:
 - 1) Өзге абоненттердің Оператордың қызметтерін пайдалануына кедергі жасау;
 - 2) Оператордың желісін пайдаланып, өзге абоненттерге, үшінші тұлғаларға жарнамалық, ақпараттық және өзге материалдарды SMS арқылы жаппай тарату;
 - 3) Оператордың кез келген бағдарламаларына, дерекқорларына және Оператор желісінің бағдарламалық құрамдас элементтеріне өз бетінше және рұқсатсыз кіру, сонымен бірге Оператор желісі жұмысының бұзылуына апарып соқтыратын өзге де әрекеттерді жүзеге асыру;
 - 4) Кез келген комутациялық құрылғылар арқылы дыбыстық терудің көмегімен кіріс және/немесе шығыс қоңырауларды басқа нөмірге бағыттауды пайдалану;
 - 5) Оператордың желісі арқылы вирусы бар немесе өзге зиянды құрамдас бөлшектері бар кез келген ақпаратты немесе бағдарламалық жасақтаманы жіберу;
 - 6) Зияткерлік меншік құқығының нысаны болып табылатын бағдарламалық жасақтаманы немесе өзге де материалдарды олардың иесінің немесе заңды құқық иесінің рұқсатынсыз Оператордың желісі арқылы кез келген тәсілмен жіберу, көрсету немесе тарату;
 - 7) Оператордың Қызметтерін тікелей арналған мақсаты бойынша тұтынуды мақсат тұтпастан, дауыс қоңырауларын, интернет сессияларды жүзеге асыру, қысқаша мәтіндік хабарламаларды жіберу;
 - 8) Абоненттік нөмірді және/немесе Қызметтерді лотереяларды, дауысқа салуларды, байқауларды, викториналарды, жарнаманы, сауалнамаларды жүргізу үшін, жаппай SMS-хабарламаларын тарату үшін пайдалану, Оператордың арнайы рұқсатысыз үшінші тұлғаларға байланыс қызметтерін ұсыну;
 - 9) Оператор желісіне/желісінен трафик транзитін ұйымдастыру, оның ішінде Оператормен алдын ала келісімге келместен және Қазақстан Республикасының заң

талаптарын сақтамай, ұялы және (немесе) белгіленген байланыс желісіне, IP-телефонияға және т.с.с. кіруге қажетті шлюздарды орнату арқылы ұйымдастыру, оның ішінде Оператор желісінің немесе өзге желілердің абоненттік нөмірлеріне сыртқы IP немесе SIP трафикті коммутациялауға жол беретін бағдарламалық жасақтаманы жүктеу, орнату және/немесе өзге түрде пайдалану, не Интернет желісіндегі сыртқы IP/SIP серверлерге кіріс телефон қосылуларын коммутациялау;

10) Желі жұмысының бұзылуына апарып соқтыратын және/немесе Операторға зиянын тигізуі мүмкін болған өзге де іс-шараларды жүзеге асыру.

11) Қызметтерді және Оператордың Қызметтерді көрсету үшін тартқан қорларын адал және әділ пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында, өз құқықтарын кез келген түрде асыра пайдалану, өз құқықтарын байланыс қызметінің арналған мақсатына қарама-қайшы қолдану, байланыс қызметтерін Оператордың келісімінсіз пайда көру мақсатында пайдалану жолымен Оператордың немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге бағытталған әрекеттерді жасауға тыйым салынады;

12) Егер әрекеттердің мақсаты Қызметтерді адал пайдалану болмаса, Оператордың тарифтік жоспарларының, нақандарының және көрсететін Қызметтерінің өзге шарттарының әртүрлі үйлесімдеріне негізделген әрекеттерді, сондай-ақ осы Шарттың мәнімен тікелей және турадан-тура байланысты емес кез келген басқа әрекеттерді және өзге абоненттердің қызметті жеткілікті сапада алу мүмкіндігін қандай түрде болсын шектейтін әрекеттерді жасамау.

6. Оператордың міндеттері

Оператор міндетті:

- 6.1. Абонентке Қызметтерді Шарттың, Абонент қосылған тарифтік жоспардың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес көрсетуге;
- 6.2. Абоненттің сұрауы бойынша, Абоненттің жеке басы расталған жағдайда, көрсетілген Қызметтер туралы мәліметтерді (егжей-тегжейін) Абонентке ұсынуға;
- 6.3. Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне Абоненттен түскен ауызша немесе жазбаша сұрау бойынша, Қызметтерді көрсету шарттары, қосылу тәртібі, тарифтік жоспарлардың өзгерістері, ұялы байланыстың қосымша қызметтері туралы ақпарат беруге;
- 6.4. Абоненттің өтінішін қосымша зерттеу немесе тексеру қажет болған жағдайларда, жазбаша өтінішке жауап беру мерзімдері ұзартылуы мүмкін, ол туралы қарастыру мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде Абонентке хабарланады.

7. Оператордың құқықтары

Оператор құқылы:

- 7.1. Егер Абоненттің дербес шотындағы қаражат толығымен пайдаланылған болса және/немесе шот уақытында және/немесе толық төленбеген болса, Қызметтерді әрі қарай алу мақсатында Абоненттің аванстық төлем жасауы/шотты төлеуі қажет екені туралы Абонентке қысқа мәтіндік хабарламамен немесе өзге кез келген тәсілмен хабарлауға құқылы;
- 7.2. Абонент Қызметтердің ақысын төлемеген немесе уақытында төлемеген жағдайда (аванстық төлемді салмау және/немесе шотты төлемеу) абонентке Қызмет көрсетуді, оған хабарлама жіберу және/немесе оның хабарламаны алу фактісіне қарамастан біржақты тәртіппен тоқтатуға;
- 7.3. Егер Абоненттің дербес шотындағы қаражат қалдығы Қызметтердің ұсынылуына жеткіліксіз болса, Абонентке Қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға. Қызметтерді көрсету Абоненттің дербес шотына қаражат түскеннен кейін қайта басталады;
- 7.4. Шарттың талаптарына, сонымен бірге Қызметтерді көрсету шарттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізуге, ол Оператордың сайттарында сәйкес ақпаратты жариялау арқылы немесе қысқа мәтіндік хабарламаларды жіберу арқылы немесе Операторға қолжетімді өзге тәсілдермен жүзеге асырылады. Абонент өзгертілген шарттармен келіспеген жағдайда, Операторға жүгініп, Шартты бұзуы қажет;
- 7.5. Тарифтік жоспарды және (немесе) қызметті жойғанда, егер Абонент оның тарифтік жоспары және (немесе) қызметтері жойылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін өзге тарифтік жоспарға немесе қызметке ауыспаса, Абонентті өз ұйғарымы бойынша өзге тарифтік жоспарға немесе қызметке ауыстыруға;

- 7.6. Оператордың қосымша қызметтерін тегін ұсынуға, бұл туралы Абонентті Оператордың сайттарында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы ақпараттандырады. Абонент анықтамалық-ақпараттық қызметке жүгініп, сонымен бірге Оператордың сервис қызметтерінің көмегімен (автоматты қызмет көрсету жүйесі, USSD, SMS) сөндіру арқылы Оператордың тегін қосымша қызметтерінен бас тарта алады. Қызметтерді сөндіру туралы ақпарат Оператордың сайттарында жарияланады;
- 7.7. Оператордың желісі арқылы көрсетілетін үшінші тұлғалардың қызметтеріне төлемақы алуға;
- 7.8. Абоненттің алған Қызметтерге берешегі болған жағдайда берешекті өндіріп алу үшін үшінші тұлғаларды тартуға, бұл ретте Абонент Оператордың осы Шарт шеңберінде алынған және берешекті өндіріп алуға қажетті ақпаратты (оның ішінде дербес деректер мен қызметтік ақпаратты) осындай тұлғаларға беретініне келіседі;
- 7.9. Оператор белгілейтін Қызметтерді Абоненттің болашақтағы төлемдерінің есебінен ұсынуға. Ұсынылған Қызметтердің құны Абоненттің өз дербес шотын толтыруы және Оператордың осы шоттан көрсеткен Қызметтерінің құнын шегеруі арқылы төленеді, оған Абонент Қызметтерге қосылу арқылы өзінің келісімін білдіреді;
- 7.10. Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне келіп түсетін кіріс қоңырауларды жазып алуға. Абонент Оператордың қызметіне қатысы жоқ мәселелер бойынша бірнеше рет жүгінген жағдайларда немесе Оператордың қызметкеріне дөрекі сөйлеген жағдайда Оператор Абоненттің анықтамалық-ақпараттық қызметке кіруін шектеуге және/немесе онымен жасалған Шартты бұзуға құқылы;
- 7.11. Шарт бұзылған, Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған және/немесе абоненттік нөмір Абоненттен алынған сәттен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін, егер Абонент жоғарыда көрсетілген кезең ішінде қалған қаражатты оған қайтару туралы өтініш бермесе, абоненттің дербес шотындағы қаражаттың қалдығын шешіп алуға және өз пайдасына айналдыруға;
- 7.12. Рұқсатсыз төлем салдарынан алынған сомаларды банктің, төлем жүйелерінің, қате төлем жасаған тұлғалардың немесе өзге уәкілетті тұлғалар мен ұйымдардың талаптарына байланысты, Абоненттің дербес шотынан шешіп алуға;
- 7.13. Көрсетілетін Қызметтерге лимит қоюға. Лимит мөлшері өткен кезеңдердегі Интернетке кіру қарқынына, шоттардың уақытылы төленгеніне және/немесе кепілді салым мөлшеріне орай есептеледі. Көрсетілген Қызметтердің құны белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға құқылы, ал Абонент Оператордың нақты көрсеткен Қызметтері үшін ақы төлеуге міндетті болады;
- 7.14. Операторға бағынбайтын жағдайлар мен техникалық параметрлер, соның ішінде SMS көлемі (160 латын немесе 70 кириллица белгісі), себепті Қызметтердің әртүрлі шектеулерін қолдануға және сәйкесінше тарифтеуге;
- 7.15. Абоненттің байланыс қызметтерін өзінің дербес шотындағы қаражаты таусылған сәтте пайдалануына байланысты Абоненттің Оператор алдында берешегінің пайда болуының алдын алу үшін, Абоненттің дербес шотындағы қаражатты резервтеуге. Абоненттердің заңды мүдделерін қорғау және қолданыстағы заңнаманы сақтау мақсаттарында, резервтеу LTE желісіндегі 30 мб, 3G мен 2G желісіндегі 15 мб және сөйлесуге 1 минут құнына тең сомада жүргізіледі. Ағымдағы интернет-сессияны және/немесе сөйлесуді жапқаннан кейін, соманы резервтеу бірден алынып тасталады және резервтелген сома Абоненттің дербес шотына қайтарылады;
- 7.16. Абоненттің Оператор алдында берешегі болған жағдайда абоненттік нөмірді Көшіруден бас тартуға;
- 7.17. Абонент Қызметтерді көрсетудің, үшінші тұлғалардың Оператордың желісі арқылы көрсетілетін қызметтерінің шарттарын, Шарт талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, Абонентке Қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға немесе доғаруға;
- 7.18. Кредиттік немесе аралас есеп айырысу тәртібін қолданатын Абонентке кредит лимитін ұсыну туралы шешім қабылдауға, Абонентке кредиттік лимиттің жоғарғы шегін белгілеуге, сол сияқты оны өзгертуге немесе Абоненттің есеп айырысудың кредиттік тәртібін пайдалануына рұқсат беруден біржақты тәртіппен бас тартуға;
- 7.19. Абоненттің ҚР Азаматтық кодексінің 8 және 11 баптарының талаптарын сақтауы, Абонент Қызметтерді адал пайдалануы мақсаттарында, Оператор бір Абоненттің – жеке тұлғаның пайдалануына берілетін абоненттік нөмірлердің санына шектеу қоюға құқылы. Абоненттің кәсіпкерлік қызметке арналған Қызметтерді пайдалануы қажет болған жағдайда, Абонент

Оператор белгілеген шарттарға орай корпоративтік топтарды рәсімдеуі қажет.

7.20. Оператор төмендегілерге жауапты болмайды:

- 7.20.1. үшінші тұлғалардың, соның ішінде контент-провайдерлердің Оператор желісін пайдалана отырып көрсететін сервистері мен қызметтері үшін, соның ішінде кез келген үшінші тұлғалардың қызметінің ұсынылмағанына немесе уақытында ұсынылмағанына, мазмұнына және сапасына;
- 7.20.2. Оператордың Қызметтерін пайдаланғанда туындауы ықтимал болған Абоненттің кездейсоқ не жанама зиян шегуіне, оның ішінде Абоненттің пайданы жоғалту, іскерлік белсенділігін тоқтату арқылы тартқан зиянына және өзге материалдық шығындарына (пайдадан айырылып қалғанына);
- 7.20.3. Оператор желісінің жұмысы үзіліп қалғанына, Абоненттің телефон нөмірлерін қате теруімен байланысты ұшыраған шығындарына, егер оларды Оператордың техникалық қызметтері тіркеп алған болса, сонымен бірге Абоненттің теңгерімді қате толтырғанына және теңгерімді толтыру карталарын қате жүктегеніне;
- 7.20.4. Абоненттің бүлінген немесе қолдануға жарамсыз абоненттік құрылғыларды, соның ішінде Оператор желісінің жиілікті диапазонын қолдамайтын құрылғыларды пайдалануы салдарынан Оператор Қызметтері сапасының ықтимал нашарлауына;
- 7.20.5. өзге операторлардың және үшінші тұлғалардың байланыс қызметтерінің сапасына, сондай-ақ Оператор қызметтері өзге компаниялардың қызметтерімен бірге ұсынылған кездегі байланыс қызметтерінің сапасына (соның ішінде хостерлер, сайт иелері, және Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан сайттар/серверлер қызметтерін пайдаланғанда және т.б.);
- 7.20.6. үшінші тұлғалар (контент-провайдерлер, өзге абоненттер және т.б.) жүзеге асыратын және/немесе солар бастамашы болған SMS-хабарламаларға және олардың мазмұнына;
- 7.20.7. үшінші тұлғаның Қызмет арқылы кез келген түрдегі ақпаратты таратуына және Абонентке келтірген кез келген зиянына;
- 7.20.8. Абоненттік құрылғыны және Қызметтерді пайдалану барысында орын алған, Абоненттің кез келген жоғалтуларына, шығындарына, қайғылы жағдайға ұшырағанына, денсаулығына зиян келгеніне немесе қайтыс болуына;
- 7.20.9. Абоненттің абайсызда немесе басқа себептермен жасаған, осы тармақ болмаған жағдайда кез келген заңды негіздер бойынша Операторға талап қойылуына әкеліп соқтыруы мүмкін болған кез келген әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне;
- 7.20.10. Абонент өзі көрсеткен электронды поштаға шоттың ахуалы, шоттардың егжей-тегжейлері туралы ақпаратты жіберуге байланысты Қызметті таңдаған жағдайда егжей-тегжейлі шоттағы абоненттің құпия ақпараты болып табылатын ақпараттың таралып кеткеніне;

8. Қорытынды ережелер

8.1. Шартқа отыру, Шартты өзгерту немесе бұзу үшін, нөмірдің егжей-тегжейін алу үшін, нөмірді қайта қалпына келтіру үшін және өзі емес, үшінші/өзге тұлғалардың атынан немесе солардың мүдделеріне сай жасалатын өзге әрекеттер үшін, аталған әрекеттерді жасауға тиісті құқықтардың бар екенін растайтын құжаттарды (сенімхат, қамқорлыққа алу немесе бағып-қағу жөніндегі құжаттар және т.б.) ұсыну керек. Абоненттік нөмірлердің және құрылғылардың заңды иелерінің және пайдаланушыларының құқықтарын қорғау мақсатында сенімхаттарда (жеке тұлғалардың да, заңды тұлғалардың да) абоненттік нөмір және сенім білдірілген тұлғаның жасауына уәкілеттік берілген әрекеттер нақты және анық көрсетілу керек. Сенімхаттар ҚР заң талаптарына сәйкес болуы керек.

8.2. Төмендегі жағдайларда Оператор Шартты біржақты тәртіппен бұза алады:

1) егер Абонент 12 (он екі) ай бойы Оператордың қызметін (кіріс және шығыс байланыс, қысқа мәтіндік хабарламаларды жіберу/алу, деректерді беру, қабылдау/беру) пайдаланбайды;

2) Абонент осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды бұзған жағдайларда, соның ішінде Абонент өзі жайлы жалған мәліметтерді берген жағдайларда;

3) Оператордың құзыретіне кірмейтін, алайда олардың әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнама талаптарында белгіленетін өзге де себептер немесе ырық бермес күш жағдайлары бойынша.

8.3. Осы Шарт бұзылған кезде/қолданылуын тоқтатқанда Абонентке Дербес шотындағы қаражатының қалдықтарын қайтару Абоненттің соларды қайтару туралы өтініші тіркелген сәттен

бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Бұл ретте алаяқтық әрекеттердің алдын алу үшін, ақшаны қолма-қол әдіс бойынша беру 10000 (он мың) теңгеден аспайтын сома шеңберінде жүзеге асырылады, аталған сомандан асып кеткен жағдайда, қолма-қол ақшасыз қайтарылады. Бұл орайда абоненттік нөмірді қайта тіркеу фактісі орын алған болса, онда ақшасы қайтарылуы тиіс болған тұлғаға абоненттік нөмір тіркелген сәттен бастап дербес шотын толықтыру арқылы пайда болған сома қайтаруға жатады.

8.4. Тараптар арасында туындауы мүмкін болатын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздерді жүргізу арқылы шешіледі. Оларды бейбіт жолмен шешу мүмкін болмаған жағдайда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен реттеледі және осы Шарттан туындайтын даулар Оператордың орналасқан жері бойынша сотта қарастырылуы тиіс.

8.5. Осы Шарт бірдей заңды күшіне ие мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мәтіндерінің арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

8.6. Шартта тікелей белгіленбеген қалған мәселелердің барлығында оның тараптары Қазақстан Республикасының Заңын, Ережелерін және заңнамасын басшылыққа алуы тиіс.

9. Оператордың деректемелері

050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Желтоқсан көшесі, 115, IBAN № KZ426017131000024545, БСН 041140004799, БЕК 17, Алушы банк: Алматы қ., «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ Алматы филиалы, БСН 960941000145, БСК HSBKZZKX.

Байланыс қызметтерін көрсету туралы Жария шартқа № 2 қосымша

Байланыс қызметтерін көрсету туралы Жария шарттың осы № 2 қосымшасы (бұдан әрі «№ 2 қосымша») Оператор, теле-радио тарату қызметтерін Жеткізуші мен Абонент арасында Абонентке Үйдегі Tele2 Қызметтерін және солармен технологиялық тұрғыдан байланысты Қызметтерді көрсету және Абоненттің оларды пайдалануы кезіндегі құқықтық қатынастарға қатысты және соларды реттейді.

Үйдегі Tele2 Қызметтерін көрсету барысында Абонент, Оператор және Серіктестің арасында жүзеге асатын қарым-қатынастар Байланыс қызметтерін көрсету туралы Жария шарттың (бұдан әрі – «Шарт») қосымшаларымен, оның ішінде осы № 2 қосымшаның ережелерімен реттеледі, ал Шартпен және қосымшалармен реттелмеген бөліктері сәйкесінше Телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету ережелерімен және Интернет желісіне кіру қызметтерін көрсету ережелерімен реттеледі.

Қызметтерді жеткізуші Теле2 TV (бұдан әрі «Серіктес») Абоненттің Үйдегі Tele2 Қызметтеріне қосылу туралы Өтінішінде немесе Оператордың Сайттарында көрсетіледі.

1. № 2 Қосымшада қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1.1. Телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету ережелері – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 89/1 Бұйрығымен бекітілген телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету Ережелері

1.2. Интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету ережелері – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 Бұйрығымен бекітілген Интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету ережелері;

1.3. Есепті кезең – Қызметтер көрсетілген және есепке алынған отыз күнтізбелік күнге тең уақыт аралығы. Тарифтік жоспардың есепті кезеңі Қызмет қосылған күннен басталады және келесі айдың сол күніне дейін жалғасады.

1.4. Контент – телеарналар, аудиовизуалды шығармалар, оларға кіру мүмкіндігі Абонентке Қызметтерді көрсету барысында ұсынылады.

1.5. Жабдық – Үйдегі Tele2 Қызметтерін көрсетуге/қосуға қажетті техникалық құрал (модем, STB-тіркеме және т.б.).

1.6. Tele2 TV қызметі – Серіктес немесе Оператор Интернет желісі арқылы көрсететін байланыс қызметі, оның көмегімен абонент теледидар арналары мен видео контентті қарауға рұқсат алады.

1.7. КЖК (кең жолақты кіру) қызметі – GPON технологиясы бойынша белгіленген байланыс арқылы Интернет желісіне кіру қызметі.

1.8. Үйдегі Tele2 қызметі – келесі қызметтердің барлығын немесе кейбірін қамтитын қызметтер пакеті: ұялы байланыс қызметі, КЖК қызметі, Tele2 TV қызметі, және осылармен технологиялық жағынан байланысты өзге де қызметтер.

1.9. Өтініш – Абонент Операторға беретін, Абоненттің Үйдегі Tele2 қызметін қосқысы келетінін және жалпы Шарт талаптарына қосылғысы келетінін білдіретін жазбаша немесе электронды құжат. Абоненттің Өтініш беруі оның жалпы Шарт талаптарының барлығын толықтай әрі сөзсіз қабылдайтынын (акцепт) білдіреді.

2. Қызметтерді көрсетудің жалпы шарттары.

2.1. Шарттың және № 2 қосымшаның талаптарына сәйкес, Оператор Абонентке Үйдегі Tele2 қызметін көрсетеді, ал Абонент оған уақытында және толық көлемде ақы төлеуге міндетті болады.

2.2. Үйдегі Tele2 Қызметі немесе оған байланысты өзге қызметтер Абонентке келесі шарттар сақталған жағдайда ғана қосылады:

- осы Шарттың № 1 қосымшасының 2.5-тармағында көзделген талаптардың сақталуы және шарттардың болуы;

- егер Абоненттің Үйдегі Tele2 Қызметіне қосуды қалайтын телефон нөмірі күзет сигнализациясына қосылмаса.

2.3. Үйдегі Tele2 Қызметі Жабдықты абоненттің үй-жайында орнатқаннан және баптағаннан

кейін және абоненттік төлем жасағаннан кейін қосылады.

2.4. Үйдегі Tele2 Қызметімен бірге Оператор немесе Серіктес Абоненттің қосымша төлем арқылы қосымша ақылы сервистерді және/немесе қосымша ақылы телеарна пакеттерін (бұдан әрі – Қосымша сервис) алуы үшін Абоненттерге техникалық қолжетімділікті қамтамасыз ете алады, Абонент оларды өз еркімен қоса алады. Абоненттің алатын Қосымша сервисі Үйдегі Tele2 Қызметінің тарифтік жоспарының құнына кірмейді және Абонент оларды Серіктестің немесе Оператордың тиісті Қосымша сервистер үшін Абоненттің пайдалану мезетінде қолданатын баға көрсеткіштеріне сәйкес жеке төлейді.

2.5. Қосымша сервисті қосуды Абонент өзі Қызметтер интерфейсі арқылы немесе Оператор немесе Серіктес белгілеген өзге тәсілмен жүзеге асырады.

2.6. Үйдегі Tele2 Қызметін пайдаланған кезде Абонент PIN-кодты енгізу арқылы немесе кодты SMS-растауды сұрау арқылы дербес сатып алуға/қол қоюға/пайдалануға және Қосымша сервисте көзделген біржолғы сатып алуларды төлеуге құқылы.

2.7. Үйдегі Tele2 Қызметіне қосылу үшін Абонент абоненттік жабдықтың болуын қамтамасыз етуі керек (Smart TV/Android TV/Apple TV, дербес компьютер/ноутбук, планшет, смартфон немесе STB), оның техникалық сипаттамалары Оператордың немесе Серіктестің IP TV желісімен жұмыс істеуге жарамды болуы керек. Бұл жағдайда Tele2 TV Қызметі Оператордың жүйелерімен жұмыс істеу үшін арналған арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар STB арқылы ғана жұмыс істейді. Абонент STB-ді меншікке сатып алуға құқылы, сол сияқты оператормен STB-ны уақытша иеленуге және пайдалануға беру туралы шарт жасасуы мүмкін.

3. Үйдегі Tele2 Қызметтерін көрсету тәртібі, мерзімдері және есеп айырысу түрі.

3.1. Көрсетілетін Қызметтер үшін есеп айырысу түрі – аванстық.

3.2. Үйдегі Tele2 Қызметі Жабдықты абоненттің үй-жайында орнатқаннан және баптағаннан кейін және абоненттік төлем жасалғаннан кейін қосылады.

3.3. Келесі абоненттік төлем алдағы Есепті кезең басталғанға дейін төленуі тиіс.

3.4. Абоненттік төлемнің құны, абоненттік төлемге жататын қызметтер, қызметтердің тарифтері және тарифтеудің өзге шарттары абонент қосылған тарифтік жоспарда анықталады. Тарифтік жоспардың шарттары Оператордың Сайтында көрсетіледі.

3.5. Абоненттік төлем Жаңа есепті кезең басталғанға дейін немесе абоненттік төлем толық көлемде төленбеген жағдайда Оператор/Серіктес абоненттік төлемді толық мөлшерде алу үшін жеткілікті сома төленгенге дейін және абоненттің дербес шотында оң қалдық болғанға дейін Үйдегі Tele2 Қызметін ұсынуды тоқтата тұруға құқылы.

3.6. Тарифтік жоспардың атауы және Қызметтерді көрсету мекенжайы Абонент қол қойған тиісті Өтініште көрсетіледі.

4. Абоненттің Үйдегі Tele2 Қызметін пайдалану шеңберіндегі міндеттері:

4.1. Оператордың өкілдеріне үйге тарату желісінде жұмыс жүргізу үшін, сондай-ақ абоненттік жабдық, Оператордың Жабдығы және/немесе Оператордың байланыс құралдары орналасқан үй-жайлар мен аумаққа оларды қарау, жөндеу, жаңғырту және техникалық қызмет көрсету үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету. Осы талапты орындамау Оператордың Шартты біржақты бұзуы үшін негіз болып табылады;

4.2. өзінің үй-жайындағы байланыс желісін, терминалды және Оператордың Жабдығын ақаусыз күйде ұстау;

4.3. абоненттің авторизациялық, аутентификациялық деректері мен сәйкестендіру кодын үшінші тұлғаларға жария етпеуге, үшінші тұлғалардың осы ресурстарды жосықсыз пайдалануына кедергі келтіретін өз ресурстарын баптау жөнінде тиісті шаралар қабылдау. Аталған деректерді үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануына жол бермеу мақсатында Интернетке кіруге арналған құпиясөзді және жеке кабинетке кіруге арналған құпиясөзді үнемі өзгертіп отыру. Деректерді рұқсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде бұл туралы Операторға дереу хабарлау қажет. Абонент Оператор мен Серіктестің алдында осы тармақтың талаптарын орындамағаны немесе бұзғаны үшін туындауы мүмкін залалдар үшін жауапты болады;

4.4. Операторға материалдық залал келтірілетін дауыстық трафикті (IP-телефония трафигін қоса алғанда) рұқсатсыз түрлендіруді жүзеге асырмау;

4.5. дауыстық трафикті (IP-телефония трафигін қоса алғанда) рұқсатсыз түрлендірген

жағдайда Оператордың шығынын толық көлемде өтеу;

4.6. Оператордың тиісті келісімінсіз Үйдегі Tele2 Қызметтерін және Үйдегі Tele2 Қызметін қосу туралы өтініште көрсетілген мекенжайдан абоненттік жабдықты өз бетінше көшірмеу;

4.7. Оператордың Жабдығының немесе Оператордың бағдарламалық жасақтамасының параметрлерін өзгерту жөніндегі әрекеттерді немесе олардың жұмысында іркілістерге әкеп соғуы мүмкін өзге де әрекеттерді жүзеге асырмау;

4.8. ТСР/IP желісіндегі торапты (компьютерді немесе өзге де құрылғыны) бірегей сәйкестендіретін 32-разрядтық нөмірді (бұдан әрі – IP-мекенжай) және басқа желілік хаттамаларда пайдаланылатын мекенжайларды, сондай-ақ Оператордың желісіне деректерді беру кезінде өзге де қызметтік ақпаратты бұрмаламау;

4.9. Оператордың/Серіктестің желісінің ресурстарына рұқсатсыз кіруге, желілік шабуылдарды және желілік бұзуды жүргізуге немесе оған қатысу фактілеріне, оның ішінде:

- абонентке тиесілі емес Оператор/Серіктес желісі элементтерінің (компьютерлердің, басқа жабдықтардың немесе бағдарламалық жасақтамасының) қалыпты жұмыс істеуін бұзуға;

- Оператор/Серіктес желісінің ресурсына (компьютерге, басқа жабдыққа немесе ақпараттық ресурсқа) рұқсатсыз, оның ішінде артықшылықты кіруге рұқсат алу, сондай-ақ осы бағдарламалық жасақтамасының иелерімен немесе осы ақпараттық ресурстың әкімшілерімен келіспей, мұндай кіруді (Абонентке тиесілі емес бағдарламалық жасақтаманы немесе деректерді жою немесе өзгерту) кейіннен пайдалануға жол бермеу;

4.10. Үйдегі Tele2 Қызметтері және Контент абонентке осы Шартта көрсетілмеген өзге пайдалану құқығынсыз Абоненттің жеке коммерциялық емес көруі үшін ғана ұсынылады. Абонент Оператордың қызметтері арқылы қол жеткізетін белгілі бір Контентті түрлендіруге, көшіруге, қайталауға, жазып алуға, көпшілікке көрсетуге, жария орындауға, эфирде көпшілікке хабарлауға, қайтадан жасап шығаруға, тұтастай немесе бөліктерін таратуға, кабель арқылы немесе өзге де тәсілмен қайта таратуға, соның ішінде көпшілікке мәлімдеуге құқылы емес;

4.11. Операторға оның Үйдегі Tele2 Қызметін көрсететін үй-жайдан шығатыны, сататыны немесе үй-жайды иеліктен шығаратыны туралы бір ай бұрын хабарландыру. Абоненттің осы талапты орындамағанының нәтижесінде орын алған салдарлар үшін толығымен Абонент жауапты болады;

4.12. Оператор Жабдығының және Оператордың байланыс желілерінің бұзылуына және бүлінуіне әкеп соқтыратын іс-әрекеттерді жасамау, телекоммуникация желісіне жарамсыз, сәйкестік сертификаты жоқ жабдықты (DSL-модем, STB тіркеме және т.б.) қоспау;

4.13. Үй-жай иесінен Жабдықты орнатуға және Үйдегі Tele2 Қызметтерін үйге қосуға келісімін алу. Үй-жайдың иесі үй-жайда Жабдықты орнатуға және/немесе Үйдегі Tele2 Қызметтерін үйге қосуға байланысты Операторға талап қойған жағдайда, Абонент үй-жайдың иесімен осындай барлық талаптарды өзі реттеуге міндетті болады. Осы міндеттеме орындалмаған жағдайда Абонент Операторға дауды реттеуге байланысты Оператордың жұмсаған барлық шығыстарын және Оператордың шеккен залалдарының сомасын өтеуге міндеттенеді.

4.14. Оператордың Сайттарында Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Оператордың хабарламаларының, сондай-ақ тарифтердің, пакеттегі телеарналардың тізбесі мен санының, арналардың қосымша пакеттерінің және Қосымша сервис өнімдерінің санының өзгеруі туралы ақпараттың болуын үнемі өз бетінше тексеріп отыру.

4.15. Үйдегі Tele2 Қызметтерін Операторға/Серіктеске және/немесе үшінші тұлғаларға зиян келтіретіндей, Оператордың басқа абоненттерінің қызметтерді пайдалануына кедергі келтіретіндей, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзатындай, сондай-ақ алынатын телебағдарламалар мен олардың құрамдас бөліктерін коммерциялық мақсаттарда пайдаланбау.

4.16. Үйдегі Tele2 Қызметіне қосылу үшін кабель төсеу және/немесе жабдықты орнату мәселелерін ПИК (ТҚК) және/немесе басқа да өкілетті тұлғалармен өзбетінше шешу және реттеу. Абонент осы арқылы Үйдегі Tele2 Қызметін көрсету үшін қажетті Оператордың және/немесе Серіктестің кабелін төсеу және/немесе жабдығын орнату орнында Абонентке ортақ үлестік меншік немесе басқару құқығында тиесілі кондоминиум бөлігін Оператордың/Агенттің өтеусіз пайдалануына өз келісімін береді.

5. Тараптардың жауапкершілігі:

5.1. Телекоммуникациялық желілер мен жабдықтардың жай-күйі үшін жауапкершілік қызмет көрсетуді (пәтер, ғимарат, қоршалған аумақ және т.б.) және (немесе) теңгерімдік тиесілікті бөлу шекаралары бойынша айқындалады. Телекоммуникациялық желіге және жабдыққа бөлудің шекарасына дейін қызмет көрсету Оператордың Жабдығын қоспағанда, Абонент дербес және өз есебінен жүргізеді. Бөлу шекарасынан тыс телекоммуникациялық желі мен жабдыққа қызмет көрсету Оператордың күшімен және құралдарымен жүзеге асырылады.

6. Оператор/Серіктес құқылы:

6.1. Абонент осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда немесе Абонент Жабдықты пайдаланудың шарттарын/ережелерін бұзған жағдайда, Оператордың немесе Оператордың Серіктесінің желісінде сертификаты жоқ Жабдықты пайдаланған жағдайда, Абонентке Үйдегі Tele2 Қызметтерін көрсетуді ескертусіз уақытша тоқтата тұруға немесе доғаруға;

6.2. Оператордың Жабдықтары мен байланыс құралдарына техникалық инспекция жүргізуге, жарамсыз, сәйкестік сертификаты жоқ жабдықтарды ажыратуға;

6.3. Абонент бұзушылықтарды жойған күнге дейін Оператордың Жабдығын уақытша алып қоюға;

6.4. Абонент таңдаған Үйдегі Tele2 қызметтері немесе Қосымша сервистер шеңберінде қолжеткізілетін телеарналардың, Контенттің тізбесі мен түрлерін, абоненттерді осындай өзгерістер туралы алдын ала хабардар ете отырып, құру және өзгерту. Оператор/Серіктес бұл туралы Абоненттерді бұқаралық ақпарат құралдарында, Оператордың/Серіктестің Интернет-ресурсында, төлем шоттарында немесе басқа тәсілмен тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етуге құқылы.

6.5. Жоспарлы/жоспардан тыс профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және мерзімдерде Үйдегі Tele2 Қызметтерін көрсетуді және Қосымша сервистерді ұсынуды ескертусіз толық немесе ішінара тоқтата тұруға құқылы;

6.6. Оператор/Серіктес Абонентке Абоненттік төлемді және бұзылған сәтке дейін көрсетілген Үйдегі Tele2 Қызметтері үшін өзге де төлемдерді және Қосымша сервистерді есептей отырып келесі жағдайларда Шартты бұзуға құқылы:

а) Абоненттің Үйдегі Tele2 Қызметтерін және Қосымша сервистерді төлеу бойынша берешегінің болуы;

б) Абоненттің өтініште дұрыс емес немесе жалған дербес деректерді ұсынуы;

с) Абоненттің Шарт талаптарын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы;

д) Шартта көзделген өзге де жағдайлар.

7. Оператор және Серіктес келесі жағдайларда жауаптылықтан босатылады:

7.1. Операторға тиесілі емес бағдарламалық жасақтама немесе жабдық Операторға бағынбайтын себептермен істен шыққан жағдайда Үйдегі Tele2 Қызметтерін және Қосымша сервистерді ұсынудағы үзілістер үшін;

7.2. үшінші тұлғалар басқаратын жеке тораптардың немесе дүниежүзілік интернет желісінің ресурстарының қолжетімсіздігі үшін. Осындай қолжетімсіздік жағдайлары байланыстағы үзіліс болып табылмайды. Оператор интернет желісі арқылы уақытша немесе тұрақты қолжетімсіз болатын деректерді жіберу желісінің немесе серверлердің тораптарымен ақпараттық алмасу мүмкіндігіне кепілдік бермейді;

7.3. Абонентті осындай жұмыстардың жүргізілетіні туралы алдын ала хабардар еткен жағдайда жабдықты, бағдарламалық жасақтаманы ауыстырумен немесе техникалық құралдар мен Оператор желісінің жұмысқа қабілеттігін қамтамасыз ету және дамыту қажеттігінен туындаған басқа жұмыстарды жүргізумен байланысты белгілі бір қызметтерді көрсетудегі толық немесе ішінара үзілістер үшін;

7.4. Абоненттің Оператордың телефонмен алған консультациясы арқылы нұсқауларды дұрыс орындамауы салдарынан туындаған Абонент үшін ықтимал жағымсыз салдары үшін;

7.5. Абоненттің Операторға тиесілі емес ақаулы және/немесе Оператордың талаптарына сәйкес келмейтін Жабдықты пайдалануы салдарынан қызметтердің сапасының төмендегені, қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылғаны немесе қызмет көрсетудегі іркілістер үшін;

7.6. үшінші тұлғалардың белгілі бір қызметтерді алуы үшін Абоненттің сәйкестендіру кодын немесе авторизациялық немесе аутентификациялық деректерін немесе Абоненттің құпиясөздерін пайдалану нәтижесінде Абонентке келтірілген ықтимал залал мен шығындар үшін;

7.7. теледидар арналарының, жеке телебағдарламалардың және олардың бөліктерінің мазмұны, хабар тарату кестесінің өзгергені немесе телебағдарламалардың хабар таратуының тоқтағаны үшін жауапты емес, себебі Оператор және Серіктес теледидар арналарын жасап шығарумен айналыспайды және теледидар арналарының және/немесе телебағдарламалардың мазмұнына араласуға құқығы жоқ;

7.8. Үйдегі Tele2 Қызметтерін және Қосымша сервистерді алу үшін пайдаланылатын Абоненттің Жабдығы мен бағдарламалық жасақтамасының жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін;

7.9. тиісті жасқа толмаған тұлғалардың Үйдегі Tele2 Қызметтері мен Қосымша сервистердің видео қорындағы фильмдерді/бағдарламаларды және жас шектеулері бар телевизия арналары мен бағдарламаларын көруге қол жеткізгені үшін.

ЖАБДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ.

Жабдықты пайдалануға беру туралы осы Келісім (бұдан әрі «Келісім») Оператордың: **tele2.kz, altel.kz, 5gmobile.kz** ресми интернет ресурсында жарияланған Оператордың байланыс қызметін көрсетуі туралы Жария шарттың (бұдан әрі «Жария шарт») ажырамас бөлігі болып табылады және Оператордың Үйдегі Tele2 қызметін және сонымен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтерді көрсету үшін төменде аталған абоненттік жабдықты (бұдан әрі «Жабдық») Абонентке уақытша иелік ету және пайдалану үшін беруінің шарттарын айқындайды.

Осы Келісімде қолданылатын терминдер:

«**Жабдық**» - осы қосымшада байланыс қызметтерін көрсету/алу үшін пайдаланылатын техникалық құрал (модем, STB-тіркеме және өзге жабдық) түсініледі.

«**Жария шарт**» - Оператордың: tele2.kz, altel.kz ресми сайттарында және қолданбасында жарияланатын, Оператордың байланыс қызметін көрсетуі туралы Жария шарт;

«**Үйдегі Tele2 қызметі**» - төмендегі қызметтердің барлығын немесе кейбіреуін қамтитын қызметтер пакеті: Ұялы байланыс қызметі, Интернет желісіне кіру қызметі, Теле2 TV қызметі, осылармен байланысты өзге де технологиялық қызметтер;

1. Оператор Үйдегі Tele2 қызметін және өзге де байланыс қызметтерін көрсету мақсатында, Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген Жабдықты Абонентке уақытша иелік ету және пайдалану үшін береді, ал Абонент Жабдықты пайдаланғаны үшін айсайынғы төлемді Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінде немесе Оператордың: tele2.kz, altel.kz ресми интернет ресурсында көрсетілген мөлшерде және мерзімде төлеуге міндетті болады.

2. Жабдық Абонентке Абонент Жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап және Үйдегі Tele2 қызметі және сонымен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтер көрсетілетін мерзімге беріледі.

3. Абонент міндетті:

1) Жабдықты пайдаланғаны үшін уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге. Егер Абонент байланыс қызметтерін пайдаланбаса да, Абонентке пайдалануға берілген Жабдықтың айсайынғы жалға алу құны Жабдық Абоненттің пайдалануында болған тұтас мерзім үшін төленеді.

2) Жабдықты, Жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәтте қандай жағдайда берілген болса, сондай жағдайда сақтауға, оны өзінің арналған мақсатына сәйкес (Оператордан байланыс қызметтерін алу үшін), және тек Үйдегі Tele2 қызметі көрсетілетін, Үйдегі Tele2 қызметін қосу туралы өтініште көрсетілген мекенжайда ғана пайдалануға;

3) уақытша иелік ету және пайдалану үшін алынған Жабдықты басқа адамдарға бермеуге;

4) Жабдықты Операторға Жабдықты қайтару актісі (Оператордың нысаны бойынша толтырылады) бойынша, осы Келісім бұзылған/тоқтатылған күні немесе Абонент Үйдегі Tele2 қызметінен бас тартқан күні және/немесе Үйдегі Tele2 қызметін көрсету тоқтатылған күні, тиісті және ақаусыз жағдайда қайтарып беруге;

5) Жабдықты және/немесе оның құрамдас бөлшектерін жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда, Абонент Жабдықтың Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген толық құнын немесе Оператор өзге құжаттарында немесе Оператордың Сайтында көрсеткен бағасын, Оператор сондай талабын қойған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өтеп беруге міндетті. Оператор мұндай берешектің сомасын Абонент жеке шотына байланыс қызметі үшін алдын ала төлем ретінде төлеп қойған ақша қаражатынан, Абонентке бұл туралы хабарламастан және қосымша келісімін алмастан, ұстап қалуға (жартылай немесе толық) құқылы.

6) берілген Жабдықтың тұтастығы бұзылғанына және/немесе жұмысқа жарамсыздығына байланысты жөндеуді және өзге де әрекеттерді өз бетінше жүргізбеуге.

4. Үйдегі Tele2 қызметін қосу туралы өтінішке және/немесе Жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне қол қоя отырып, Абонент осы Келісімнің, Жария шарттың талаптарына келісетінін және оларға толықтай қосылатынын білдіреді. Келісімнің қолданылу мерзімі Абонент Жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған сәттен бастап саналады және Келісім бұзылатын/тоқтатылатын күнге дейін жалғасады. Келісім бұзылған/тоқтатылған жағдайда, Абонент Жабдықты Операторға Жабдықты қайтару актісі бойынша қайтарып беруге міндетті.

5. Абонент Жария шартты және/немесе осы Келісімде көзделген міндеттемелерін орындамаған және/немесе бұзған жағдайда, Оператор өзі орналасқан жердегі нотариусқа немесе өзінің таңдауы бойынша кез келген басқа нотариусқа атқарушылық жазбаны жасау үшін жүгінуге құқылы.

Абонентте пайдалануға берілген Жабдық үшін және/немесе Үйдегі Tele2 қызметі үшін берешек бар

болған жағдайда, Оператор берешекті өндіріп алу үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы, бұл ретте, Абонент Оператордың ондай тұлғаларға осы Келісімнің немесе Жария шарттың аясында алынған және берешекті өндіріп алуға қажетті ақпаратты (оның ішінде дербес деректер мен қызметтік ақпаратты) беруіне келіседі;

6. Барлық шағымдар, хабарламалар және өзге өтініштерді, оның ішінде дауды шешу мақсатындағы, Оператор Абонентке мына тәсілдердің бірімен жолдайды:

А) Абоненттің абоненттік нөміріне SMS-хабарлама жіберу жолымен;

В) Абонент Қызметті қосу туралы өтінішінде көрсеткен e-mail мекенжайына электронды почта арқылы;

Г) почта қызметі арқылы.

Бұл ретте Абонент Оператордың өз таңдауы бойынша жоғарыда аталған тәсілдердің бірімен оған шағым, хабарлама немесе өзге де өтініштерді жолдауына өзінің келісімін білдіреді.

Шағым, хабарлама немесе өзге де өтініштерді Оператордың жолдағанының, ал Абоненттің алғанының дәлелі төмендегі құжаттардың бірі болады:

А) sms-хабарлама арқылы жолдаған кезде, Оператордың жолдағанының, ал Абоненттің алғанының дәлелі sms-хабарлама жіберілгенін білдіретін логтар немесе скриншот (экранның фотосы) немесе Оператордың жүйесінен алынған өзге дәлел болып табылады;

В) электронды почта арқылы Абоненттің e-mail мекенжайына жолдаған кезде, Оператордың жолдағанының, ал Абоненттің алғанының дәлелі электронды хабарламаның жіберілгенін көрсететін скриншоттар (экранның фотолары) немесе өзге электронды дәлел болып табылады;

Г) почта қызметі арқылы жолдаған кезде, Оператордың жолдағанының, ал Абоненттің алғанының дәлелі почта қызметінің түбіртегі немесе шағымның/хабарламаның/өтініштің жеткізілгені туралы почта хабарламасы немесе почта қызметінің шағымның/хабарламаның/өтініштің жіберілгенін растайтын өзге құжаты болып табылады.